

"Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8/64 шешімі. Маңғыстау облысы Эдilet департаментінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 3244 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 50/407 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 16.06.2020 № 50/407(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30 бабының 4 тармағына сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидалары және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Б.Түйешіев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешінің орындалуын бақылау "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына (Б.Түйешіев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж.Қайранов

Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы

Б.Досов

Бейнеу аудандық мәслихатының 2016
жылғы 9 желтоқсандағы № 8/64
шешімімен бекітілген

"Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы

1. Осы "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30 бабының 4 тармағына сәйкес әзірленген және "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын анықтайды.

2. Қызметтік куәлік (бұдан әрі - Куәлік) мемлекеттік өкімшілік қызметшілердің "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде атқаратын лауазымын растайтын құжат болып табылады.

3. Куәлік белгіленген тәртіппен Бейнеу аудандық мәслихаты хатшысының қолтаңбасымен беріледі.

4. Куәлік лауазымға тағайындалған, ауыстырылған (қайта тағайындалған), булінген, жоғалған кезде беріледі.

5. Атқарып отырган лауазымынан босатылған, қызметтен босатылған, ауыстырылған (қайта тағайындалған) кезде, қызметкерлер өкімнің шыққан күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде куәлікті алған жеріне тапсырады.

6. Куәліктердің берілуі мен қайтарылуын есепке алуды "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маман жүргізеді.

7. Куәліктердің берілуі мен қайтарылуын есепке алуды осы Қағидаларға 1 қосымшаға нысан бойынша номірленетін және тігілетін, куәліктерді беру және қайтару журналында жүзеге асырылады.

8. Куәліктерді есептен шығаруды және жоюды Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктерді есептен шығаруға және жоюға арналған актіні жасай отырып, "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің кадр жұмысы жөніндегі бас маманы жүргізеді.

9. Куәлікті жоғалтқан немесе бұлдірген жағдайда қызметкер үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы хабарлайды.

10. Куәлікті жоғалтқан адам жоғалған куәліктің жарамсыздығы туралы мәліметті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға жібереді.

11. Куәлікті дұрыс сақтамау нәтижесінде болған жоғалту, бұлдіру, сондай-ақ куәлікті басқа тұлғаларға беру, куәлікті жеке басы үшін қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланудың әрбір фактісі бойынша "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметтік тексеру жүргізу қажеттігі тұрғысын қарайды.

12. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің куәлігі мұқаба мен жапсырмадан тұрады.

Мұқаба өлшемі 65x190 миллиметрлі (ашып көрсетілген түрінде) көгілдір түсті былғары алмастырыштан тұрады. Мұқабаның сыртқы бетінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі орналасқан, төменде жол-жолымен баспаҳаналық шрифтімен "Бейнеу аудандық мәслихаты" жазбасы орын алған.

Куәлік жапсырмасының ішкі жағында (өлшемі 60x90 миллиметр) шеңберде күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасы қолдана отырып, көгілдір түсті тангир торы бейнеленген.

Жоғары бөлігінде екі жағында "Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы", "Республика Казахстан Мангистауская область" жазбасы орналасқан және мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік органның атауы (қызыл түсті қою шрифтімен) жазылады. Одан төмен мәтіннен үзік жолақпен бөлектелген "Қазақстан Республикасы" деген (қызыл түсті, шрифт өлшемі 4) жазба жазылады.

Сол жағында: фотосурет (3x4 сантиметр өлшемде), орталығында куәліктің нөмірі мен "Куәлік" жазбасы (қара түсті қою шрифтімен), төменде жол-жолымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қара түсті қою шрифтімен, шрифті өлшемі 14) және мемлекеттік тілде лауазымы (қара түсті қою курсивті шрифтімен) көрсетіледі. Төменде мемлекеттік тілде "Берілген күні" (курсивті шрифтімен) жазбасы орындалған және куәліктің берілген күні көрсетіледі.

Оң жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі және оның астында көгілдір түсті "Қазақстан" жазбасы, орталығында "Удостоверение" жазбасы мен куәліктің нөмірі (қара түсті қою шрифтімен), олардың астында жол-жолымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қара түсті қою шрифтімен, шрифті өлшемі 14) және орыс тілінде лауазымы (қара түсті қою курсивті шрифтімен) көрсетіледі. Төменде орыс тілінде "Дата выдачи" (курсивті шрифтімен) жазбасы орындалған және куәліктің берілген күні көрсетіледі.

13. Куәліктер Бейнеу аудандық мәслихаты хатшысының қолымен расталады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

"Бейнеу аудандық мәслихатының
аппараты"

мемлекеттік мекемесінің қызметтік
куәлігін беру

Қағидаларына және оның сипаттамасына

1 косымша

Нысан

Қызметтік куәліктерді беру және қайтару журналы

--	--	--	--	--	--	--	--

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атқаратын лауазымы	Куәлік №	Беру күні	Алғандағы туралы қолы	Тапсыру күні	Тапсырғандығы туралы қолы

Ескертпе: журнал тігілген, нөмірленген болуы тиіс.

"Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларына және оның сипаттамасына
2-қосымша
Нысан

Ұйымның атауы

АКТИ

жасалу орны

күні

№

Біз төменде қол қойғандар (кемінде 3 қызметкер, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), атқаратын лауазымын көрсету керек), "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидалары және оның сипаттамасының 5 тармағының негізінде есептен шығаруға және жоюға жиналған практикалық маңызын жоғалтқан қызметкерлердің куәліктерін зерделеп: басқа қызметке ауысыумен жұмыстан босатылуына байланысты _____ тізімге сәйкес:

Оларды есептен шығару және жою бойынша осы актіні жасады:

Лауазымның атауы	Колы
Лауазымның атауы	Колы
Лауазымның атауы	Колы